

"Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы" әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 мамырдағы № 132 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 маусымда № 9-19-104 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы" (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9-19-94 тіркелген, 2009 жылғы 16 сәуірде "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1 тармақ келесі мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) жұмыс берушінің таратылуына, қызметкерлердің штатын немесе санын қысқартуға байланысты босатылған тұлғалар, толық емес жұмыс уақыты режимінде а й н а л ы с а т ы н т ұ л ғ а л а р " .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ

А. Сейфуллин